

9-сынып оқушыларының «Тұлға типтерін анықтау» Дж. Голланд сауалнамасы

ХАТТАМА

Тақырыбы: «Тұлға типтерін анықтау» Дж. Голланд сауалнамасы

Мақсаты: Оқушылардың кәсіби бағытын анықтау.

Өткізілген күні: қыркүйек 2021

Зерттеуге қатысушылар: 9 сынып

Зерттеудің барысы: сауалнама

Зерттелінушілер саны: 20

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: -

Нәтижені өңдеу:

1	Сапарбек А Бейсенбай А Түленбай Қ Дустматов М	Реалистік тип. «Ер адам» типі. Эмоциялық тұрақтылығы жоғары, заманына қарай бейімделе біледі. Ептілікті талап ететін, үнемі қозғалыста болатын кәсіппен айналысқанды жөн деп есептейді. Міндеті нақты бір кәсіпті: механик, жүргізуші, инженер, агроном т.б. мамандықтарды ұнатады.
2	Шаңлақбай Ж. Ерденбек М	Интеллектуалдық тип. Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім. Ғылыми тұрғыда мамандықты таңдайды. Қызметтің мына түрлерін ұнатады: математика, география, геология, шығармашылық кәсіптер.
3	Аманбай Е Жексебай А Майрат А. Қыдырғали А Жаппарқұл Ш Жәнібек А Серікбай С Балтағұл Д	Әлеуметтік тип. Айрықша әлеуметтік ептілігі бар, айналасындағыларға тәуелсіз, жағдайға тез бейімделгіш, сезімтал. Ұнататын қызмет саласы: психология, медицина, педагогика. .
4	Бейсенбай С Есім А	Конвенциялық тип. Құрылымдық қызметке бейім, нұсқау бойынша істейді. Ұйымдастырушылық қабілеті аз, ауыз сөзге жоқ. Ұнататын мамандықтары: бухгалтер, финансист, тауартанушы, экономист, іс

		жүргізуші, кеңсе қызметкері.
5	Молдакей Ж Манат А	Тапқыр тип. Белсенділік, қызбалықты, құлшынысты, ынта-жігерді талап ететін міндеттер мен мақсатты таңдайды. Мінез ерекшеліктері: басшылық етуді, нұсқау беруді, тапқырлықты ұнатады. Мұндай мінез ерекшеліктері дипломат, репортер, менеджер, директор, делдалға лайықты.
6	Аманжол Е. Қуаныш Д	Әртістік тип. Адаммен қарым-қатынаста өз қиял-сезіміне сенеді, сүйенеді. Өмірге сезімталдықпен қарайды. Мінез ерекшелігі: шешім қабылдауға тәуелсіз, икемді, өзімшілдігі мол. Шығармашылық кәсіпті ұнатады: музыка, сурет салу, гуманитарлық саладағы қызметке бейім. Бұлар тарих, филология, өнер жағын ұнатады.

Қорытынды: Оқушылардың реалистік типі бойынша 4 оқушы -20%, интеллектуалдық тип 2 оқушы -10%, әлеуметтік тип 8 оқушы-40%, конвенциялық тип 2 оқушы- 10 %, тапқыр тип 2 оқушы- 10 %, әртістік тип 2 оқушы- 10 % көрсетті.

Ұсыныс: Оқушыларға кәсіби бағытына, дұрыс мамандық таңдауда психологиялық кеңес беру, тренингтік жаттығулар жүргізу.

Педагог-психолог: Аманжолқызы Т.